N E W S
OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
SERIES OF AGRICULTURAL SCIENCES
ISSN 2224-526X
Volume 2, Number 38 (2017), 247 – 249

M. Zh. Pazylbekov[1], B. R. Kadyrov[2]

[1]Kazakh national agrarian university, Almaty, Kazakhstan,
[2]Kazakh Research Institute of Fishery, Almaty, Kazakhstan

THE BIOLOGY OF POPULATION OF CARP IN ALAKOL LAKE (ALAKOL SYSTEM OF LAKES)

Abstract. Biological indicators of population of carp in Alakol Lake (Alakol system of lakes) are given in this article and a number of the recommendation about preservation and increase of its number is presented.
Keywords: Alakol system of lakes, population, phytophils, gonads, reclamation.

ӘОЖ 597

[1]Пазылбеков М.Ж., [2]Қадыров Б.Р.

[1]Қазақ ұлттық аграрлық университеті, Алматы, Қазақстан,
[2]Қазақ балық шаруашылығы ғылыми зерттеу институты, Алматы, Қазақстан

АЛАКӨЛ КӨЛІНДЕГІ САЗАН ПОПУЛЯЦИЯСЫНЫҢ БИОЛОГИЯСЫ (АЛАКӨЛ КӨЛДЕР ЖҮЙЕСІ БАССЕЙНІ)

Аннотация. Мақалада Алакөл көліндегі сазан балығының 2015 жылы жүргізілген зерттеу жұмыстарының нәтижесі негізге алына отырып, аталған түрдің биологиясы сипатталған.
Түйін сөздер: алакөл көлдер жүйесі, популяция, фитофиль, гонада, мелиорация.

Кіріспе. Зерттеу жұмысында қолданылған материалдар ретінде Алакөл көлінде белгіленген станциялардан әртүрлі құрма аулармен ауланған балықтар алынды. Ауланған балықтар толығымен биологиялық өңдеуден өткізілді.

Алакөл – жүйедегі көлдер ішіндегі ең ірісі. Алакөл ойысындағы ең төменгі жағында орналасқан. Тек өз ағыстары ғана емес басқа да Алакөл тобындағы ірі көлдер де келіп құяды. Ағынсыз көл, формасы бұрыс алмұрт тәрізді, солтүстік-батыстан оңтүстік-шығысқа қарай созылған.

XX ғасырдың 60-шы жылдардың басында оның ең үлкен ұзындығы 104 км, ең үлкен ені 52 км (орташа 25,5), жағалық ұзындығы – 384 км, су беті ауданы 2650 км^2 (аралменен – 2686 км^2), орташа тереңдігі – 22,1 м, ең үлкен тереңдігі 54 м, су салмағының көлемі – 58,56 млрд м^3 [1].

Көл жағалауы жазық және сусымалы шөгінділерден тұрады. Тек оңтүстік және шығыс жағалаудың бір бөлігі көл суымен шайылып, 9 м дейінгі шығыңқы жерлері бар. Жағалаудан ұзын, жіңішке малтатасты бұталар шығып жатыр, соған байланысты кезінде көлді Гурге деп аталып кеткен (Гурге - монғолша Гурге-нор «көл көпірі» деген мағынаны білдіреді), өйткені су деңгейі төмендегенде кейбір бұталар бір жағаны екіншісімен жалғайтын көпір тәрізді түзіледі.

Алакөл көліне негізінен 15 астам су көзі келіп құяды, оның 6 негізгісі: солтүстікте Үржар (көлдің беткі құйылуының 50% құрайды) және Еміл (27,4%), солтүстік-шығыстан Хатынсу (8,8%) және Жаманөткел (5%), оңтүстікте және оңтүстік-шығыста Ырғайты және Жаманты (8,8%) құяды. Сонымен қатар, оны уақытша көктемгі ағындар мен грунтті сулар толықтырады. Көл суы тұзды, жасыл-көк түсті (Фореля – Уля шкаласы бойынша V – VI) мөлдірлігі 4-6 м, (жағалауда 1,5-3 м) [2].